| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды...<br>Өнерлі екен он саусақ:<br>Қала салсақ, жол салсақ... | | | |
| **Сабақтың ортасы (26 мин)** | **Сабақтың күтілетін нәтижесімен таныстыру;**<br>– Балалар, сендер бүгін сюжетті сурет бойыншаәңгіме құрайсыңдар. Құраған әңгімелеріннен сөйлемді, сөйлемнен жаңа үйретілетін дыбысы бар сөзді бөліп аласыңдар. Бөлініп алынған сөзге дыбыстық талдау жасайсыңдар. «Ю» қосарлы дыбысының айтылу ерекшелігін білесіңдер. Оны дауысты, дауыссызға ажыратасыңдар.<br>«Ю ю» қосарлы дыбысының таңбасы – оныңәрпімен танысасыңдар.<br>«Ю» әрпін көркем жазып үйренесіңдер. **(МК, У)**<br>**Дыбыстық талдау дағдыларындамыту жұмысы.**<br>1. Сурет бойынша әңгіме құрау.<br><br>2. Әңгімені сөйлемдерге талдау. Сөйлем санынанықтау.<br>3. Бір сөйлемді сөздерге талдау. Сөйлемдегі сөзсанын анықтау.<br>4. Өтілетін жаңа қосарлы дыбысы бар «ою»сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>5. Сөзді буынға бөліп, жаңа қосарлы дыбыстыңорнын анықтау. | Күтілетін нәтижені мұқият тыңдайды.<br><br>1. Оқушылар сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайды: «Көркем еңбек сабағы болды. Сабақта балалар ермексаздан оюжасады. Оюлары әдемі болып шықты».<br>2. Әңгімені сөйлемдерге талдайды: Құраған әңгімелерін неше сөйлеменнтұрады? (3).<br>3. Осы сөйлемдердің ішіндегі бір сөйлемді (Сабақта балалар ермексазданою жасады) сөздерге талдайды: Бұл сөйлемде 5 сөз бар.<br>4. Өтілетін жаңа дыбысы бар «ою»сөзіне дыбыстық талдау жасайды: алдымен «о-ю» деп буынға бөледі.<br>5. «-ю» екінші буынын айтып, й+у дыбыстарымен айтылатынын анықтайды.<br>6. «Ю» қосарлы дыбысының айтылу ерекшелігімен танысады. Неше әріп (1). | Қолдау<br><br>Қолдауды қажет ететін оқушыларға көмекберу. | Суреттер, оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | «Бәрекелді!», «көк» түс – «Жарайсың!», «қызыл» түс – «Ойлан!». | | |
| **Сабақтың соңы(7 мин)** | **Бекіту және саралау**<br><br>Саралау тапсырмасымен жұмыс ұйымдастыру:<br>*1-деңгей:*<br>*Аю, ою* сөздерінде неше әріп, неше дыбыс барекенін тап.<br> <br>*а ю ою*<br>2- *деңгей:*<br>«Ю» қосарлы дыбысы сөздің қай жеріндекелетінін анықта.<br>*3-деңгей:*<br>*Аю, ою* сөздерінің бірімен сөйлем құра.<br><br>**«Сөз тану» тыңдау материалымен жұмыс** Мұғалімнің мақалмен жұмысты QR немесе үнтаспадан тыңдату арқылы ұйымдастыруы. Бүгінгі сабақтың тәрбиелік мәні ашылатындаймазмұнда сұрақтар қойып, жауап алу. Сабақты<br>«Өнерлі болуға талпыну қажет» деген қорытынды пікірмен аяқтау. | Оқушылар өздеріне берілген саралау тапсырмаларын орындайды.<br><br>1-деңгейдегі оқушылар *аю, ою* сөздеріндегі әріп (2) пен дыбыс (3)санын анықтайды.<br>2-деңгейдегі оқушылар «ю» қосарлы дыбысы *аю, ою* сөздерінде соңында келетінін анықтайды.<br>3-деңгейдегі оқушылар *аю, ою* сөздерінің бірімен сөйлем құрайды.<br><br>1. Оқушылар «Ою ойғанның ойы ұшқыр» мақалын тыңдайды.<br>2. Мақалдың мағынасын өз сөздерімен түсіндіруге тырысады.<br>3. Ақылды бала болуға талпынады. | Оқушыларға қолдау көрсету. | Саралау тапсырмалары<br><br>Суреттер<br><br>Сызба<br><br>Әліппе. Үнтаспа. «Атамұра», 2020 |
| | Рефлексия<br> | Сабақта алған көңіл күйлерін смайликпен көрсетеді. | | Рефлексия тақтайшасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 6. «Ю» қосарлы дыбысының айтылу ерекшелігімен таныстыру.<br>7. «Ю» қосарлы дыбысының таңбасы – оның әрпімен таныстыру.<br>8. Түймелерден «ю» әрпін жасау.<br><br><br>**(МК, Ү) Дыбыстық жинақтау дағдысын дамыту жұмысы.**<br>**(МК, Ү, Ө) Оқылым.**<br>1. Оқулықтың 83-бетінде берілген сөздер мен мәтінді мұғалімнің оқушылармен бірге дұрыс,түсініп оқуы.<br>2. «Ю» қосарлы дыбысының сөз алдында, ортасында, соңында келетін орнын оқушылардың өздіктерінен табуына мүмкіндікжасау.<br>3. Сөз мағынасымен жұмысты берілген сөздермен ұйымдастыру. Сөздің соңына (ою – оюлы), сөз алдына (кую – тую) тиісті дыбыстынемесе буынды қосу арқылы оның мағынасы өзгеретінін түсіну.<br><br>**(МК, Ө) Жазылым**<br>1. Оқулықтағы «ю» әрпінің таңбалануына назараударуы.<br>2. «Ю» әрпін тақтаға жазып көрсету.<br>3. «Ю» әрпін ауада жазып көрсету.<br>4. Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру. | неше дыбыс (2) бар екенін анықтайды.Қосарлы дыбыс екені түсіндіріліп айтылады.<br>7. Түймелерден «ю» әрпінің сұлбасынжасайды.<br><br>1. Әр буындағы дыбыстарды тұтастырып, «бір дыбыс» сияқты қосып, яғни дауыссыздан дауыстыға қарай жәнедауыстымен үндестіріп оқиды.<br>2. Буындарды жеке тұтас сөздегі айтылуымен оқиды.<br>3. Әрбір дыбысты естіп, әріпті көріп, өздігінен саналы оқиды.<br><br>1. Оқушылар жазу дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды: сызықтардыбастырып жазу арқылы «ю» әрпінің бас және кіші әрпін жазады. Үлгі бойынша сөздер мен сөйлемдерді жазады.<br>2. Сабақ соңында өз іс-әрекетіне (каллиграфиялық талапқа сай дұрыс және сауатты жазу) кері байланыс жасап, өзін-өзі бағалауы үшін әр беттінсоңында берілген дөңгелек-шартты белгілері бойынша: «жасыл» түс – | Оқушыларға әріпті жасауда қажет болған жағдайда көмекберу.<br><br>Қолдауды қажет ететін оқушыларға көмекберу.<br><br>Оқушыларға қолдау көрсету.<br><br>Мақтау, қолдау | Түймелер<br><br>Әріптің баспа жазылу түрі<br><br>Оқулық<br><br>Мәтін<br><br>Жазу дәптері |

Тексерілді: Мухасеева

| | | |
|---|---|---|
| Пәні:<br>Бөлім: | Әліппе<br>Әліппе кезені | Мектеп: Актан жырау негізгі мектебі |
| Педагогтің аты-жөні:<br>Күні: | Хамзина Б.Б<br>14.12.2021ж | |
| Сынып: 1 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабактың тақырыбы | Ю қосарлы дыбысы және әрпі | |
| Оқу бағдарла-масына сәйкес күтілетін нәтижелер | **Білімділік:** дыбыстық талдау дағдылары (мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен жаңа үйретілген дыбысы бар сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп алу) қалыптасады; әріпті таниды, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажыратады; дыбысты дұрыс айтуға жаттығады; оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолданады; дыбыстың мағына ажыратушы қызметін түсінеді; жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптерді, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазады.<br>**Дамытушылық:** сөздік қоры жаңа сөздермен байиды; сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайды.<br>**Тәрбиелік:** қолөнер заттарын жасауға, әдемілікті тануға талпынады. | |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезені/уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы (1–7 мин) | **(Ұ) Ұйымдастыру кезені:**<br>1. Сәлемдесу.<br>2. Оқушыларды түгендеу.<br>**Психологиялық ахуал орнату.**<br>Жалғыз саусақ тіпті де.<br>Ұстай алмас жіпті де.Екі саусақ бірікті.<br>Ине қолға ілікті. | Оқушылар мұғаліммен бірге өлеңдікайталап, қимыл жасайды. | Қолдау | Өлең жолдары |